


СҮЛЕЙМЕНОВА Б.Б.

**ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫҢ АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАСЫН
ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
(Оқу құралы)**



АҚТАУ, 2010 ж.

У.Д.К. 004(075.8)

Б.Б.К. 32.8я73

С 90

Сүлейменова Б.Б.

С 90 «Интерактивті тақтаның арнайы бағдарламасын пайдалану технологиясы» атты оқу құралы. Ақтау, 2010ж.-77бет.

ISBN 978-601-7276-41-6

Пікір жазғандар:

Кариев С.К., п.ғ.д., Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры

Ахметов А.Қ., п.ғ.д., профессор, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, педагогикалық – технологиялар институтының директоры

Бұл оқу құралы орта және ЖОО педагогтарының, студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие ісіне қолдану мақсатына арналған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның бір элементі – интерактивті тақтаның арнайы бағдарламасын оқу үдерісіне пайдалану. Ақпараттану ғасырында қазақстандық білім беру жүйесінде білім беру сапасын жоғарылату үшін интерактивті тақтаның арнайы бағдарламасын сабақ өту барысында пайдаланудың маңызы зор. Осы себепті бұл оқу құралы бүгінгі таңда білім беру мекемелері қызметкерлеріне қажетті.

У.Д.К. 004(075.8)

Б.Б.К. 32.8я75

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялары және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-41-6

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев Қазақстан халықына өзінің жыл сайынғы жолдауында, қазіргі қоғамның ақпараттану процессінің басымды бағыты білімді ақпараттандыру және сапалы білімді өнегелі тәрбиемен қамтамасыз ету мүмкіншілігі мәселесіне ерекше мән беру керектігін атап көрсеткен[4]. Қазіргі кезде бұл тапсырманы орындау, оқу үрдісіне ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың оқыту әдісі қолданылуымен шешімін тапты деп сенімділікпен айтуға болады.

Білім жүйесін ақпараттандыру - білім мекемелеріне ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары мен оларға негізделген педагогикалық технологияларды енгізу. Ал ақпараттық технологиялар – электрондық оқулықтар немесе цифрлық интерактивтік мультимедиалық білім беру қоры және оқу-тәрбие жұмысына портфолионы қолдану[3,10,12] .

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың индустриялық кезеңінен ақпараттық кезеңіне біртіндеп аяқ басуға бет бұрды. Адам өмірінде компьютерлердің белсенді орын алуы осыған байланысты. Сондықтан, жаңа технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы өндіріс құрылымын өзгертудің маңыздылығын арттыра түсті. Мұндай жағдайда елдің одан ары дамуы үздіксіз білім беру жүйесі мен жастарға дұрыс тәрбие жұмысын тиімді ұйыдастырумен тығыз байланысты. Үздіксіз білім беру қоғамның әрбір мүшесінің білімін көтеруге немесе мамандығын арттыруға жағдай жасап, оны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындайды. Бұл орайда жаңа ақпараттық технологиялар мен оларды пайдаланудың жаңа әдістемелік құралдарын дайындаудың ролі зор [2,4]. Олар бір жағынан, халық шаруашылығының түрлі салаларындағы жаңа технологияларды игеруге жағдай жасайды, екінші жағынан, білім таратушы ретінде оқыту құрылғылары болып шыға алады.

Жоғарыдағы айтқан АКТ-ның негізгі элементтерінің бірі- тәрбие жұмысына портфолионы қолдану. Осы себепті бұл әдістемелік құрал ЖОО топ кураторлары, ЖОО педагогтары үшін, педагогикалық мамандықтарының студенттері үшін бүгінгі таңда қажетті[10].

1. ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1 Интерактивті тақта жайында және түрлері


Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «.....экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрлары даярлаудың сапасын арттыру....» және «...кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құралатын болады....» деп атап көрсеткен.

Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі делінген[1].

Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігінің қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: **компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдары, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру[2].**

Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктеріне жатады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізу жұмыстары болып саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Бұл бағытқа ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне кіріктіру сабақтың техникалық және бағдарламалық қамсыздануымен сипатталады. Сабақтың техникалық қамсыздануы бұрын тек компьютер болса, соңғы кезде қолданылуы дамып келе жатқан «Активті экран» болып табылады. Бұл техникалық құрал білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен

басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады. Бұл техникалық құралдың құрамына компьютерге және проекторға тізбектелген порт арқылы қосылатын, қабырғаға ілінетін 1,88 м тақта, басқаруға керекті, бір, екі қалам және жазуға арналған блокнот кіреді [5].



1-сурет. Интерактивтік тақтаның сыртқы түрі

Компьютердің УСА-портына проектор арқылы қосылатын тақтада көрсетілетін ақпаратты сабаққа қатысушылардың барлығы көре алады. Сонымен қатар тақтаның, проектордың драйвері және орнатылатын арнайы бағдарламалық жабдықтамасы бар. Кешенмен жұмыс істегенде екі режим: тышқан және аннотация режимі қолданылады. Бірінші жағдайда тақта тышқан орнында қолданылып қолданушының іс әрекетін операциялық жүйеге трансляциялайды (жеткізеді), екінші жағдайда маркер тікелей қалам ретінде, яғни жазу немесе сурет салу үшін қолданылады. Мұндай жағдайда графикалық редакторды қажет етпей, экран бетінде сурет салуға болады. Мысалы жұмыс үстелінде, PowerPoint слайдтарында және кез келген қолданбалы бағдарламалар терезелерінде және т.б. Көптеген интерактивтік тақталар монтаждан соң калибрлеуді, яғни маркердің тақта бетіндегі орнын анықтауды қажет етеді. Калибрлеу экранның әр бұрыштарын және ортасын көрсетілген нүктелерді арнайы утилит көмегімен белгілеу арқылы жасалады. Егер тақтамен проектордың орналасу орны өзгермесе, калибрлеуді қайтара жасау қажет емес. «Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді.


Білім берудегі интерактивтік технология - бұл сабақ барысында оқушының ұжымдық жұмыс жасауға қатысуын, бірін-бірі толықтыратын және барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту технологиясы.

Интерактивтік тақта (ИТ) – дәріскерге екі түрлі құралдарды, атап айтқанда, ақпарат кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіріп қолдануға негізделген. Интерактивтік технологияның қатты қарқынмен



дамуына байланысты интерактивті тақтаның түрлері де күннен күнге даму үстінде. Енді соңғы кездегі дамыған елдерде және біздің елгеде қолдануға кіріктіріліп жатқан интерактивті тақта түрлеріне тоқтала кетейік [2,13].

Interwrite Board интерактивті тақтасы



Бұл тақта АҚШ-ның 7125 Riverwood Drive Columbia, MD 21046 зауытында жасақталған. Бұл тақтада дәстүрлі сызу құралдары (сызғыш, транспортер, бұрыштама және т.б.)

қолданылады. Олар геометрия, алгебра, сызу, физика және т.б. мектеп пәндері үшін кеңінен қолдануға болады. Тақтаның беті бүлінбейді және ол білім мекемелерінде үлкен сұранысқа ие.

Interwrite Workspace интерактивтік тақта



Суреттер кітапханасы және шаблондарымен бірге өз материалдарын толықтыруға мүмкіндік беретін қарапайым құралдары бар тақта. Оған барлық ақпараттарды сақтап, басу құрылғысына және электрондық пошта арқылы ақпараттарды жіберуге болады.

+++

Hitachi экраны және интерактивті тақта



24 функциональды батырмалардан, 72 виртуальды түстермен сурет салуға мүмкіндік беретін жаңа **StarBoard FX Duo** софт-ның негізінде Интернет арқылы 50 басқа StarBoard FX бір мезетте байланысқа шығуға және қашықтықтан конференциялар өткізуге негізделген тақта болып табылады.

SMART Technologies Inc Технологиясы



SMART Board интерактивті тақтасында екі түрлі технология қолданылады: **Резистивтік матрицалы технология**. Резистивтік матрицалы технология – бұл жұқа сілтеуішті екі қабаттан тұратын тор, ауа қабаттарымен бөлінген, беті пластикпен қапталған интерактивтік тақта.

DViT (Digital Vision Touch) технологиясы - бұл меңзер координатын қолданатын (маркер немесе саусақ) тақтаның бұрыштарында сандық бейне камералар орналасқан. Бұл технологияны қолданғанда меңзердің жылдамдығы артады да, функциональдық мүмкіндіктері артады.

Panaboard KX-BP800 интерактивті тақтасы



Электронды Panaboard KX-BP800 интерактивті тақтасының жиналыстар, семинарлар, телеконференциялар, презентациялар мен сұхбаттасу жүргізуге мүмкіндігі мол тақта. Мұнда тақтаның көшірмесін алуға болады, проектор түсіретін экран, интерактивті монитор және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар.

Оны компьютерге және проекторға қосқанда, Panaboard KX-BP800 тақтасы интерактивті мониторға айналады, электронды маркердің көмегімен компьютердің қосымшаларын басқаруға болады.

Webster интерактивтік тақтасы

Электронды Webster интерактивті тақтасының сериясы TS (TS-400 / TS-600 / TS-800) **Polyvision** компаниясынан – кәсіптік презентациясы өткізуге арналған құрал. Комплектіге «Webster тақтасы, дербес компьютер, мультимедиа проектор» жатады.

«**Маркер Тақта**» Маркер 4 түсті (қызыл, қара, жасыл, көк) және өшіргіштің көмегімен қарапайым тақта тәрізді кез келген жазбамен суреттерді салуға, құруға және редакторлеуге болады. «**Электронды тақта**» маркермен немесе саусақпен басқара отырып қажетті операцияларды атқарғанда компьютерлік тышқанның қызметін атқарады..

Бүгінгі күні бірнеше негізгі өнімдер: **ACTIVboard** (Promethean компаниясы шығарған), **SMART Board** (SMART Technologies Inc, бізде оны Polymedia ұсынады), **Star Board** (Hitachi шығарады), **InterWrite SchoolBoard** (GTCO CalcComp Inc. шығарады, «Сервис Плюс» сатады) және Communicator (Sahara Interactive және «ДеЛайт 2000»).



Бұл интерактивті тақтадан басқа , қосымша құрылғыларын көрсете кетейік.



ActivPen – бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы:



ACTIVwand

Электронды ACTIVwand указкасының ұзындығы 54 см тақтаның жоғарғы бөлігінен кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жанында орналасқан батырма ташқанның сол жақ батырмасының қызметін атқарады. ACTIVwand указкасы web-бетінде жұмыс жасағанда rollover” және “hover” функцияларын атқаруға өте қолайлы. ACTIVboard – интерактивті тақтасында жұмыс жасаушыға проектордың сәулесінен астынан шығуға мүмкіндік береді. "Оң қол" сонмен бірге "сол қолмен" жұмыс жасауға қолайлы құрал.

ACTIVpanelpro



ACTIVpanelpro (Активпанель) үлкен аудиторияларда қолдануға өте қолайлы, онда үлкен экранға проекцияға қолданады. ACTIVpanelpro арнайы қарындаштың көмегімен дисплейде жазылған жазулар компьютер арқылы тақтадан көруге мүмкіндік береді. ACTIVpanelpro (Активпанель) өте жеңіл зат, бөлмеден юөлмеге қиындықсыз – ақ алып жүре беруге

болады, ал проектор болса кескінді үлкейтіп көрсетеді. ACTIVpanel-pro ДК

басқарады, сурет салады, жазу жазады – бұл ақпаратты енгізетін құрылғыға жатады.

ACTIVslate



Радио портты **ACTIVslate** панель құрылғысы топпен жүргізілетін конференцияға қатысушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Конференция немесе презентация кезінде аудиторияда еркін қозғалуға болады. ACTIVslateXR панель аудиторияның кез келген

жерінен тақтамен жұмыс жасай алады. ACTIVslateXR көмегімен қатысушылар өз шешімдерін орындарынан тұрмай-ақ тақтада жаза алады.

ACTIVtablet



ACTIVtablet планшет қарапайым тышқанның қызметін атқара алады,

презентация мен конференция материалдарын ACTIVstudio2 немесе ACTIVprimary тақтасыз (ACTIVboard көмегенсіз) компьютерде дайындауға мүмкіндік бетерін құрылғы. ACTIVtablet компьютерге USB порт арқылы қосылады, бағдарламаның барлық функцияларын қолдануға болады. Арнайы батареясыз қаламмен флипчарт беттерінде жазу жаза алады.



ACTIVote

ACTIVote2 тестілеу жүйесі конференцияның барлық қатысушыларына сұрақтарға, бірнеше берілген жауаптардың нұсқаларынан желісіз радио пульттің батырмасын басу әдісімен жауап беруге мүмкіндік береді. Пульттың көмегімен ақпарат ACTIVboard қабылдайды және де

өңделіп конференция қатысушысының жауабын қабылдайды.

ACTIVote2 қарапайым тест жүргізуге өте қолайлы зат. «Тест дайындау шеберінде» ACTIVstudio бағдарламасында флипчартта мәтіндік немесе графикалық түрде тест сұрақтары кітапханада сақталады да, тестің нәтижесін кесте немесе диаграмма түрінде компьютердің жадында сақталады.

Проектордың орналасуына қарай интерактивтік тақталар тікелей (тура) және кері проекциялаушы деп екі класқа бөлінеді. Бірінші класқа жататындар — қолданушы кей уақытта экранды көленкелеп жауып қалу кемшілігіне карамастан өте кең тараған. Сондықтан объективті төменге еңкейтіп, проекторды тақтаға мүмкіншілігінше жақындатып төбеге іледі.

Екінші класқа жататындар біршама қымбат тұрады, онда проектор тақтаның артында орналасады да өте кеп орын алып тұрады. Қазір интерактивтік тақтаны жасаушылар көбіне дайын кешендерді, яғни тақтамен жұмыс істейтін құралдардың барлығын бірге ұсынады.

Интерактивтік тақталарда қолданылатын технологиялар төрт типке бөлінеді:

1. **Сенсорлы аналогтық-резистивтік технология;**
2. **Электромагниттік технология;**
3. **Лазерлік технология;**
4. **Ультрадыбыстық/инфрақызыл технология**

Бірінші типтегі интерактивтік тақталарда өлшеу жүйесі аналогтық болғанымен қабылданған ақпарат цифрлық түрде өңделеді. Ақпаратты көрсету тігінен және көлденеңінен мындаған нүктелер арқылы жүргізіледі

Электромагниттік технологияларда кодданылатын тақталардың беті өте қалың болады. Осы технологиялы тақталар маркердің электромагниттік белгілерін қабылдау арқылы жұмыс істейді.

Лазерлік технологиялы интерактивтік тақталар жүйесіне екі инфрақызыл лазерлік бұрыш белгілеу құралы кіреді. Бұндай тақталарда тек маркермен ғана жұмыс істеуге болады.

Ультрадыбыстық/инфрақызыл технологиялы интерактивтік тақталарда басқалардан айырмашылығы - тақтаның әрбір бұрыштарында ультрадыбыстық датчиктер бар. Бұл тақтаның кемшілігі электромагниттік, лазерлік технологиялы тақталардағыдай тек маркермен ғана жұмыс істейді[7,8].

1.2 Интерактивті тақтаны қолдануда техника қауіпсіздігінің ережелері.

Ең алғашқы электронды есептеуіш машина жұмыс жасағанда, техниканың қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды болатын. Интерактивті тақтада осы электронды есептеуіш машинаға жалғанып жұмыс жасайтын инновациялық құрылғы. Олай болса, бұл құрылғыменде жұмыс жасағанда кейбір ережелер сақталуы керек. Төменде кез келген құралмен жұмыс жасағанда сақтану шараларының қауіпсіздік ережелері келтіріледі. Жұмысты бастар алдында міндетті түрде барлық қауіпсіздікті сақтау ережелерімен толық танысу қажет. Егер де студенттер немесе оқушы жұмыс жасайтын болса, мұндай жағдайда мұғалімдердің бақылауында болуы қажет.

- Кедергісіз жұмыс жасау үшін тақтаның екі жағынан 1м орын қалдыру қажет;
- Жүйені өзгертуге тырыспаңыз, өйткені ол жүйені бұзуы мүмкін;
- Егер де бұл техника жұмыс жасамай қалса, онда өз бетіңізше жөндеуге тырысудың қажеті жоқ, бұл кепілдікті жоюға соқтырады;
- Проектор бағыты бойынша сәуле тақтаға шағылысады. Сондықтан оған тура қарауға болмайды. АСТIVboard – пен жұмыс жасаған кезде проекторға мүмкіндігінше қарамаған дұрыс[20].
- Интерактивті тақтамен жұмыс жасағанда көбіне тақтаның сол жағында сыныпқа немесе аудиторияға қарап тұрып, проектордың сәулесінен аулақ тұрып, жұмыс жасау ұсынылады;
- Ауаны тазартқанда құрылғыларды өшіріп, олардың белгілі бір температураға дейін суығанын күту қажет.


2. ACTIVSTUDIO – БАҒДАРЛАМАСЫ

2.1 ACTIVstudio бағдарламасына кіріспе

ACTIVstudio программасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында қолдануға негізделген программа. Бұл программа ACTIVboard және ACTIVpen қаламымен жұмыс жасау үшін жасақталған болғандықтан көбіне жаңа дәріс тақырыбын түсіндергенде пайдаланған өте тиімді. ACTIVstudio программасының мүмкіндіктері өте көп. Атап айтқанда, презентацияларды құруға, өткізуге, материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды енгізуге, тақырып материалына перде, прожектор құралдарын қолданудың тыңдаушыларға жаңа тақырып материалын түсіну үшін маңызды және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар[5,19].


2.2 ACTIVstudio бағдарламасын ашу жолдары және интерфейсі.

ActivStudio бағдарламасын ашу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: Пуск – Все программы - ActivSoftware - Activstudio 3 – Professional Edition V3 – Enter батырмасын шерту қажет немесе Windows жұмысшы ортасында, жарлығына тышқанмен екі рет шертсе жеткілікті:



2.1-сурет. ActivStudio бағдарламасының жүктелу жолы.

Бағдарлама ашылғаннан кейін, оның мониторда интерфейсі шығады (Сурет-2.2):



2.2-сурет. ActivStudio бағдарламасының интерфейсі.

ACTIVStudio бағдарламасының интерфейс құрылымы:

1. Флипчарт атауының жолы ;
2. Флипчарт парағының аумағы;
3. Құрал-саймандар тақтасы;
4. Флипчарт көлемін өзгертетін пернелер;
5. Флипчарт парағымен жұмыс жасайтын пернелер;
6. Флипчарт аумағы.


2.3 Интерактивті құралдар

ACTIVstudio бағдарламасының көптеген құралдары бар, атап айтқанда, нысандарды құратын, арнайы эффектілер енгізетін презентацияда интерактивті элементтерді қолданатын, жаңа тақырып материалдарын түсіндіруге қолданатын, оларды қайталауға қолданатын. Бұл құралдарды пайдалану үшін нақты презентацияларда құралдар панелінің көмегі қажет[18,19].

2.3.1 Флипчарт

ACTIVstudio бағдарламасымен жұмыста ең негізгі қолданатын ұғым – **флипчарт** ұғымы. Флипчарт – бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып, бір флипчарттан келесі флипчартқа, объектілерге сілтемелер қоюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты

басу құрылғысынан шығаруға немесе әр түрлі форматтарда экспорттауға болады.

ACTIVstudio программасы іске қосылғанда бірден компьютердің экранына сәйкес келетін жаңа флипчарт құрылады. Бұл 1-ші флипчарттың қолдануға дайын беті. Флипчарт  батырмасын басқаннан кейін ғана іске қосылады. Бұл батырманы ACTIVstudio мен Windows арасында байланыс жасауға қолданылады.

Жаңа флипчарт құру

Жаңа флипчарт құру үшін, **Меню – Флипчарт – Құру** командасын орында. Параметр менюінің тізімінен өлшемді таңда:


Экран өлшемі	ACTIVstudio алдыңғы экранның көлеміндегідей жаңа флипчарт құрады. Мысалы: компьютерде 640x480 пиксел орнықтырылған болса, онда флипчарттың көлемінің ені - 640, ал биіктігі - 480 пиксел болады. Бұл өте ыңғайлы және экранның көлемін білесің.
800x600	Стандартты флипчарттың көлемінің ені - 800, ал биіктігі - 600 пиксел болады.
1024x760	Стандартты флипчарттың көлемінің ені - 1024, ал биіктігі - 760 пиксел болады.
Баптау...	Сұхбат терезесінің көмегімен флипчарт бетінің көлемін құруға мүмкіндік береді


Флипчартты құру жолдары


Activ Studio бағдарламасын іске қосқаннан кейін, электронды тақтада керегінше таза ақ беттен тұратын **Флипчарт** құрылады. Бұл батырманы *ACTIVstudio* мен *Windows* арасында байланыс жасауға қолданылады.

Флипчартты құрудың екі жолы бар:

1.




Негізгі құралдар тақтасынан  батырмасын басып жаңа толық экранмен бірдей флипчарт құрады. Кез келген уақытта осы батырманы басып флипчарт құруға болады. «Флипчарт» батырмасына қайта басып тағы да флипчарт құруға болады.

2  - бас мәзір арқылы:



Жаңа Флипчарт терезесінің интерфейсі:




Флипчартты сақтау

Құрылған флипчартымызды сақтау үшін басты менюден, негізгі құралдар тақтасының сол жақ үстінен **Флипчарт – Қалай сақтау** бұйрығын таңдаймыз. Сонда флипчартты жұмыс үстелі-**Менің құжаттарым-АСТIVstudio** бумасы- **Менің флипчартым** бумасында, **Жалпы**



флипчарттар бумасында немесе **басқа бумалар** ішінде өз таңдауымыз бойынша сақтауға да болады. Ал қазіргі жағдайда **Менің флипчартым** ішінде

сақтаған жөн, өйткені бұл ең ыңғайлы амал, себебі оны қайтадан тез табуға оңай тәсіл. Пайда болған «Флипчартты сақтау» терезесінде файлдың атына «Информатика» жазып, ал файл тегі .flp түрінде сақтау батырмасын шертеміз. Енді біз үшін ACTIVstudio бағдарламасының негізгі құралдарын қолдану ыңғайлы. Басты мәзірден  батырмасын шертіп ACTIVstudio бағдарламасының қосымшасынан шығамыз.


Флипчартты жабу

Тақырыптың оң жақ шетіндегі  «Жабу» батырмасын шерту керек. Флипчарттағы кез келген өзгерістер сақталмаған болса, онда сақтауға сұраныс шығады.

Сақталған флипчартты ашу

Меню - Флипчарт - ...ішінен Ашу командасын орындағанда келесі параметрлердің бірін таңдау қажет:

Менің флипчарттарым...	Кітапхана ресурсының бөлімінен «Менің кітапхана ресурсым» бумасына өту. Флипчарт файлын таңдап, онда Ашу батырмасын шерткеннен кейін жаңа флипчарт ашылады.
Жалпы флипчарттарым...	Жалпы кітапхана ресурсына ауысу бумасына өту. Флипчарт файлын таңдап, Ашу немесе Болдырмау батырмаларын басу керек.
Басқа	Басқа каталогтардан флипчартты ашуға және таңдауға бумалар... мүмкіндік береді. Каталогқа өтіп, Ашу немесе Болдырмау батырмасын басу керек.



Флипчартты басқару батырмалары

Флипчарт құралдар тақтасы арнайы диапазон құралдарымен флипчарттағы жұмыстарды ұйымдастыруға көмектеседі.

Келесі бет



Флипчарттың келесі бетіне өту. Флипчарттың соңына жаңа беттерді қосады.

Алдыңғы бет



Флипчарттың алдыңғы бетіне өту.

Бет таңдау



Флипчарт беттеріне қысқаша суреттеуге қарау және жұмыс беттерін таңдау.

Бетті ұйымдастыру



Флипчарт беттерін ретке келтіреді.

Бетті Сброс страницы



Соңғы сақталған флипчарт бетіне оралады – қосымша сақталған флипчартта ғана жұмыс жасайды.

Кітапхана ресурсы



Презентацияға қажетті кең көлемді ресурстарға мүмкіндік береді.

Айналдыру жолағы



Флипчарт бетінде жоғары және төмен қозғалыс.

Флипчарттың тақырып жолындағы батырмалары



нақты элементтің немесе сұхбат терезесіндегі анықтаманың көрсеткіші.



флипчарт беттерінің жұмыс бетін немесе флипчарт бетінің кескінін өзгерту әдістері. Экранда беттің орналасу әдісін немесе оның көлемін таңдауға болады.



флипчарттың келесі бетіне ескертулер қосуға болады.



флипчартты экранда реттеу. Мұнда барлық ACTIVstudio терезелері кітапхана ресурстары немесе кітапхана сілтемелері ескеріледі.



флипчарт терезесін бүктеу. Флипчартты бүктегенде ол Windows-тың тапсырмалар тақтасында көрінеді. Бұл мәтінді және кескінді Office – тан флипчартқа ауыстыруға мүмкіндік береді.



флипчарт терезесін алдыңғы қалыпқа келтіру.




флипчарттың терезесін экранның бетімен бірдей түрге келтіру.



флипчарт терезесін жабу.

Флипчартта жаңа бет құру



Осы уақытқа дейін біз бір бетпен жұмыс жасадық. Енді жаңа айтып өткендей **Флипчартта** қолданылатын құралдар тақтасын пайдалана отырып тақтадан батырмасын шерткенде жаңа бет ашылады. Бұл тақта флипчарт бетіндегі қысқа кескіндер болады. Бұл тақта беттің шетінде немесе төменгі жағында пайда болуы мүмкін. Оны орналастыру үшін батырманың оң жағында

шерту керек. Егерде **ACTIVpen** – ді қолдансаң, онда қаламды тақтадан бірнеше миллиметр қашықтықта ұстап тұрып, оң жақ батырманы басу керек. Мұны бірнеше рет қайталап жаттығыңдар. Тышқанның оң жақ батырмасын\қаламның батырмасын қолданып, тақтаны өзің қалаған жерге орналастыр. Бұл мезетте Келесі бетке өту батырмасында қаламның батырмасын шерткенде, беттің айналым эффектілерін қоюға болады. Кез келген уақытта басқа бетті ағымдық қылу үшін батырмасын шерту керек. Ал бастапқы бетке қайтадан келу үшін батырмасын басу керек.

Флипчартты жабу

Жұмысымызды аяқтағаннан кейін тақырыптың оң жақ шетіндегі **«Жабу»** батырмасын басамыз. Флипчарттағы кез келген өзгерістер сақталмаған болса, онда сақтауға сұраныс шығады. Сақтар алдында өз қалауымыз бойынша файлдың атын өзгерте аламыз.

Барлығын аяқтағаннан кейін сілтемені тексеріп, **Флипчартты** сақтап **ACTIVstudio** бағдарламасынан шығамыз.


2.3.2 Бетті түзету құралдары

Бетті редакторлеу тақтасын іске қосу үшін, флипчарт бетінде екі рет шерту жеткілікті. Құралды флипчарт бетінің қасиетін өзгертуге және флипчарттың құрылымын редакторлеуге қолданылады.



Тақырып қатары



Тақтаның орнын ауыстыру үшін, онда шерту жеткілікті. Ал  батырмасын шертіп тақтаны жабуға болады.

Қиып алу



Флипчарт бетін жояды және оны басқа жерде қолдану үшін буферге орналастырады.

Көшіру



Флипчарт бетін көшіріп алып, оны басқа жерде қолдану үшін буферге орналастырады.

Қою



Соңғы қиып алынған немесе көшірілген флипчарт бетін қояды.

Өшіру



Флипчарт бетін өшіреді.

Қасиет



Флипчарт бетін және сыртқы түрін редакторлейді.

Бетін Сброс страницы



Соңғы сақталған флипчарт бетін қайтадан қалпына келтіреді.

Көшірме



Флипчарт бетін көшіреді.

2.4 ActivStudio бағдарламасының құралдар тақтасының құрылымы

- 1** негізгі құралдар тақтасы
- 2** арнайы құралдар тақтасы
- 3** флипчарттың құралдар тақтасы
- 4** нысанды түзету құралдар тақтасы
- 5** бетті түзету құралдар тақтасы
- 6** тез таңдау құралдар тақтасы



2.4.1 Негізгі құралдар тақтасы



Тақырып қатары

Негізгі құралдар тақтасын орнықтыру үшін оны шертіп ауыстыруға болады.

Басты Мәзір батырмасы

Құралдар тақтасы және баптау параметрлерін баптауға ACTIVstudio функцияларының кілті болып табылады.

Жоғары-төмен жылжыту батырмасы

Экранда орын босату үшін, негізгі құралдар тақтасын жабады.

Флипчарт батырмасы

ACTIVstudio мен Windows қосымшасының арасында флипчартыңызды көрсетеді немесе оны жасырады. Егер жаңа флипчарт құрылмаған болса, онда оны құрады.

Жұмыс үстелінде аннотация жасау

Жазу жазып немесе оны жұмыс үстелінде Windows қосымшасында орнықтыру.

Қаламның жалпақтығын таңдау

Қаламның, маркердің және өшіргіштің қалыңдығын әр түрлі көлемде таңдау үшін шертіп, орналастыру.

Түстер Палитрасы

Флипчарт нысандарының түсін таңдау.

Еркін таңдау құралы

Бір немесе бірнеше нысандарды таңдау үшін оны шертіп, оларды редакторлеуге, басқаруға және оны араластыруға мүмкіндік береді.

Қалам құралы

Флипчартта аннотация жазуға немесе сурет салуға болады.

Маркер құралы

Жұқа қаламмен мәтінді, аннотацияны және кескінді белгілейді.

Өшіргіш құралы

Флипчарттағы объектілерді жасыру үшін қолданылады.

Мәтін құралы

Флипчартқа тақырып немесе ескертулер қосады.

Тазалау құралы

Флипчарттың бөлімдерін және нақты қасиеттерін өшіреді.

Болдырмау

Флипчартта орындалған соңғы бұйрықтарды немесе түзетуді толығымен қалпына келтіреді.

Қайтару

«Болдырмау» батырмасын басқанға дейінгі жағдайды қайтарады.

Бүркемелеу құралы

Флипчартты жасырып, соңынан оны төрт жағынан – жоғарыдан, төменнен, сол жағынан және оң жағынан көрсетеді.

«Прожектор» құралы

Көрсетілген аймақтың ортасынан басқаның бәрін де төрт түрлі бағытта бүркемелеп көрсетеді.

Фотоаппарат құралы

Флипчартта пайдаланылатын экранның таңдалған аумғын суретке түсіреді.

Беттің көлемі

Флипчарттың бетін үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Арнайы құралдар

Арнайы құралдар тақтасын ашу.

Тану құралы

Қолданушының қолмен жазған жазуын машиналық жазбаға айналдырады, геометриялық фигураларды түзулейді.

Құю құралы

Нақты аймақты түспен толтырады.

ACTIVote

Тестілеу құрылғысы.

2.4.2 Арнайы құралдар тақтасы




Арнайы құралдар тақтасы



Негізгі құралдар тақтасындағы «Арнайы құралдар» батырмасын басып, осы құралдарды іске қосуға болады. Бұл тақтада қажетті 20 құралды пайдаланып, олармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.


АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ТАҚТАСЫНЫҢ АШЫЛУ ЖОЛЫ

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ТАҚТАСЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР
БАТЫРМАСЫН БІР РЕТ ШЕРТКЕН КЕЗДЕ АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР
ТАҚТАСЫ ПАЙДА БОЛАДЫ[14]:



Арнайы құралдар



СЫЗҒЫШ БУЙРЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ




АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ТАҚТАСЫННАН **СЫЗҒЫШ** БУЙРЫҒЫН ТАҢДАҒАН КЕЗДЕ ОНЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ӨЛШЕМ БІРЛІГІ ПАЙДА БОЛАДЫ:

ДЕЦИМЕТР, САНТИМЕТР, МИЛЛИМЕТР. ОСЫ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ ІШІНЕН КЕРЕГІНДІ ТАҢДАП СЫЗҒЫШПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУЫҢДЫ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРЕСІЗ. СЫЗҒЫШ ҚҰРАЛЫН ӘР ТҮРЛІ ҚЫЛЫП ПАЙДАЛАНУҒА БОЛЫ.

МЫСАЛЫ:




ТРАНСПОРТИР БУЙРЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ




АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ТАҚТАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ҚҰРАЛЫ **ТРАНСПОРТИР**. БҰЛ БУЙРЫҚТЫ ТЫШҚАНМЕН ШЕРТКЕН КЕЗДЕ **ЖАРТЫЛАЙ** ЖӘНЕ **ТОЛЫҚ** ДЕГЕН ЕКІ ТҮРІ ПАЙДА БОЛАДЫ, СОНЫҢ ІШІННЕН КЕРЕГІНДІ ТАҢДАП АЛУ КЕРЕК. ТРАНСПОРТИР ҚҰРАЛЫН ӨР ТҮРЛІ ҚЫЛЫП ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

Мысалы:




СУЙЕКТЕР ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ



Арнайы құралдар тақтасының үшінші құралы **СУЙЕКТЕР.** Бұл бастауыш сынып оқушыларына өте қызықты болады.

ҚАЛҚЫМАЛЫ КАЛЬКУЛЯТОР ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ



Төртінші бұйрығы **ҚАЛҚЫМАЛЫ КАЛЬКУЛЯТОР** . Оны іске қосу үшін қалқымалы калькулятордың үстінен бір рет шерту жеткілікті.

ҚАЛҚЫМАЛЫ ПЕРНЕТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ




ҚАЛҚЫМАЛЫ ПЕРНЕТАҚТАНЫ іске қосу үшін көрсетілген батырманы бір рет шерту жеткілікті, содан кейін қалқымалы пернетақта мониторда пайда болады, бірақ әлі жазу жазбайды себебі, негізгі құралдар тақтасынан

Т батырмасын - мәтін бұйрығын бір рет шертіп іске қосқаннан кейін ғана жаза беруге болады.


ЖҮГІРТПЕ ЖОЛ.

«Жүгіртпе жол» құралын іске қосу үшін негізгі құралдардан арнайы құрал тақтасын ашамыз, оның ішінен жүгіртпе жол құралын таңдағанда төменде көрсетілгендей сұқбаттасу терезесі ашылады:




Мәтін жолағына қозғалыста болатын мәтінді тереміз. «Положение» батырмасы арқылы мәтіннің қозғалатын орнын таңдаймыз: егер жоғарыдан қозғалса, онда «Сверху», ал ортасынан немесе төменнен қозғалтқымыз келсе, сәйкес бұйрығын таңдаймыз. Осы сияқты басқада параметрлерін, яғни түсін, қаріп түсін, көлемін, жолақ түсінде сәйкес батырмалары арқылы қажетінше өзгерте аламыз.

Жүгіртпе жол көмегімен қандай да бір мәтінді белгілеп, оған көп қолданушының назарын аударуға болады. Бұл компонент әсіресе баяндама жасағанда, жаңа сабақ түсіндіргенде, ашық сабақ өткізгенде қолдануға өте ыңғайлы. Мәтіндік фрагментті жүгіртпе жолға айналдыру үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. «Жүгіртпе жол» құралына (бұйрығына) кіресіз;
2. «Жүгіртпе жол» бұйрығының жоғарыда көрсетілгендей сұхбаттасу терезесі шығады ;
3. Мәтін жолына «Электронды тақта» мәтінін енгізіңіз;
4. Текст жолағындағы «Цвет» батырмасынан жүгіртпе жолдағы мәтін қарібінің түсін таңдайсыз; «Готова» батырмасын шертіңіз.
5. Жолдың қозғалыс бағытын таңдау үшін ашылған сұхбат терезедегі сәйкес бағытын таңдаңыз;
6. Фон жолағындағы «Цвет плоскости» батырмасынан жүгіртпе жолдың түсін таңдайсыз;
7.  батырмасын қозғай отырып, жол мәтінінің қозғалу жылдамдығын өзгерте аласыз;
8. Қажет болса басқа да параметрлерін өзгертіңіз, ОК батырмасын шертіңіз;
9. «Просмотр» жапсырмасын шертіңіз. Жүгіртпе жолағының мәтін терезесін ең солдан оңға қарай жылжып тұрады.


«Телеграфная лента» құралын сақтағанда файл тегі « .tsc» түрінде болып, «Мои телеграфные ленты» бумасында сақталады.

САҒАТ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ




Арнайы құралдар тақтасынан **САҒАТ** бұйрығын таңдаған кезде, оның 5 түрінің атауы пайда болады. Солардың ішінен керегін таңдап аласың. Олардың әрқайсысына тоқталайық.


1. САҒАТ ҚҰРАЛЫНЫҢ **АНАЛОГ** БУЙРЫҒЫН ТАҢДАҒАН КЕЗДЕ САҒАТТЫҢ МЫНА ТҮРІ ПАЙДА БОЛАДЫ



2. САҒАТ ҚҰРАЛЫНЫҢ **ЦИФРОВОЙ** БУЙРЫҒЫН ТАҢДАҒАН КЕЗДЕ САҒАТТЫҢ МЫНА ТҮРІ ПАЙДА БОЛАДЫ:




3. САҒАТ ҚҰРАЛЫНЫҢ **ОБЕ (ЕКУІДЕ)** БУЙРЫҒЫН БІР РЕТ ШЕРТКЕН КЕЗДЕ САҒАТТЫҢ ҮШІНШІ ЕКЕУІ БІРІККЕН ТҮРІ ПАЙДА БОЛАДЫ:




4. САҒАТ ҚҰРАЛЫНЫҢ **ОБРАТНЫЙ ОТЧЕТ (КЕРІ ҚАРАЙ ЕСЕП)** БУЙРЫҒЫН БІР РЕТ ШЕРТКЕН КЕЗДЕ МЫНА КӨІРНІС ПАЙДА БОЛАДЫ, ОЛ АТЫ АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ ,КЕРІ ҚАРАЙ САҒАТТЫ

КОРСЕТІП ТҰРАДЫ. **МЫСАЛЫ:** САБАҚТА БАЛАЛАР ЕСЕПТІ 5 МИНУТТА ШЫҒАРУ КЕРЕК ДЕЙІК,СОНДА **МИНУТА** ДЕГЕН БУЙРЫҚҚА 5 МИНУТТЫ КОРСЕТСЕК,ОЛ КЕРІ ҚАРАЙ ЖҰРІП **00** БОЛҒАН КЕЗДЕ БАЛАЛАР ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТУ КЕРЕК:



Бұл арнайы құралдар тақтасы қажетті 20 құралды пайдаланып, олармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Тақырып қатары



Тақтаның орнын ауыстыру үшін, оны шертіп орналастыруға



болады. Ал жабу үшін **«жабу»** батырмасын шерту жеткілікті.

Циркуль құралы



Кез келген түстегі немесе сызықтары әр түрлі дөңгелек, доғаларды салады.

Бөлшек құру құралының панелі



Математика сабағында бөлшектер құрады.

Веб-браузер



Сабақ кезінде ACTIVstudio-дан Интернетке қосылуға мүмкіндік береді.

Лента



“**Телеграф лентасы**” құралы арқылы флипчарттың жоғары, орта немесе төменгі жағынан керекті үзінділерді жылжытып қозғалтуға болады және мәтін түсін, көлемін өзгертуге

Ескертулер мен көрсеткіштер



Экранда ескертулер мен көрсеткіштерді жабыстырады (электронды наклейка).

Координат центрі



Флипчарт бетінде айналу осын орналастырады. Барлық объектілер осы нүктенің айналасында айналдыруға болады.

Флипчартты жазып алу құралы



Флипчарт бетіндегі әрекеттерді жазып алады және оны анимация түрінде көрсетеді.

2.4.3 Тез таңдау құралдар тақтасы




ACTIVboard –та презентация кезінде қажетті құралдарды тез іске қосу тез таңдау құралдар тақтасы мүмкіндік береді. Оң жақ батырманы бетте немесе нысанда шерткенде тез іске қосу тақтасы қосылады. Бұл тақтаға 12 құралды өз таңдауың бойынша қосуға болады.


ACTIVboard –та презентация кезінде қажетті құралдарды тез іске қосу тез таңдау құралдар тақтасы мүмкіндік береді. Оң жақ батырманы бетте немесе нысанда шерткенде тез іске қосу тақтасы қосылады. Бұл тақтаға 12 құралды өз таңдауың бойынша қосуға болады.

Ескерту: Басты мәзірден **Баптау – Басқару тақтасы** командасын орындап «Тез іске қосу құралдар тақтасы» алаңына белгі қой.

Тақырып қатары



болады.

Тақтаның орнын ауыстыру үшін, оған шерту жеткілікті. Ал  батырмасын шертіп тақтаны жабуға

Белгілеу құралы



Нысанда түзетіп, ауыстырып және бөліп алуға болады.

Қалам құралы



Флипчартта аннотация жазуға немесе сурет салуға болады.

Маркер құралы



Жұқа қаламмен мәтінді, аннотацияны және кескінді белгілейді.

Өшіргіш құралы



Флипчарттағы нысандарды өшіруге қолданылады.

Құю құралы



Нақты аймақты түспен толтырады.

Мәзір батырмасы



Мәзір арқылы баптау бұйрығына бірден шығуға болады.


2.4.4 Нысанды түзету құралдар тақтасы



Нысанды түзету тақтасының көмегімен нысанды түзетудің көптеген мүмкіндіктеріне қол жеткізуге болады. Тақтағы нысанда екі рет шерткенде пайда болады.

Тақырып қатары



Тақтаның орнын ауыстыру үшін, онда шерту жеткілікті. Ал  батырмасын шертіп тақтаны жабуға болады.

Қиып алу



Белгіленген нысанды қиып алады және оны басқа жерде қолдану үшін уақытша жадыға (буферге) орналастырады.

Көшіру



Нысанды көшіріп алып оны басқа жерде қолдану үшін уақытша жадыға (буферге) орналастырады.

Қою



Соңғы қиып алынған немесе көшірілген нысанды қояды.

Өшіру



Нысанды өшіреді.

Қасиет



Нысанның қасиетін және сыртқы түрін түзетеді (редакторлейді).

Мәтінді тану



Қолмен жазылған жазуды машинаға ауыстырады.

Форманы тану



Кез келген форманы дұрыс геометриялық формаға айналдырады.

Объектінің өлшемін үлкейту



Таңдап алынған нысанның (объектінің) көлемін үлкейтеді.

Объектінің көлемін кішірейту




Таңдап алынған нысанның көлемін кішірейтеді.

Көшірме




- нысанда көшіреді.

2.5 Кітапхана ресурсы

Негізгі құралдар тақтасынан «Кітапхана ресурсы»  батырмасын басқанда бұйрық терезесі іске қосылады. «Кітапхана ресурсы» **ACTIVstudio** бағдарламасында өте маңызды бөлімнің бірі.

Кітапхана ресурсының толық мүмкіндіктерін флипчарт құрғанда пайдалануға болады. Мұнда суреттер мен дыбыстардан бастап аяқталған іс-әрекеттер, оқу жоспарлары да бар. Ол мыңдаған дайын ресурстармен қамтамасыз етілген, оларға мысал келтіретін болсақ:

1)




2)



3)




4)



кітапхана ресурсының толық мүмкіндіктерін флипчарт құрғанда пайдалануға болады. Мұнда суреттер мен дыбыстардан бастап аяқталған іс-әрекеттер, оқу жоспарлары да бар. Ол мыңдаған дайын ресурстармен қамтамасыз етілген. Кітапхана ресурсын іске қосу үшін, флипчарттың құралдар тақтасынан «Кітапхана ресурсы» батырмасын басу керек.

Мәзір батырмасы



Кітапхана ресурсының сыртқы түрін өзгертеді.

Жалпы Кітапхана Ресурсы



Бұл буманың ресурстары басқа да жалпы қолданушыларға ортақ. Бума да программалық ресурстар бар.

Менің Кітапхана Ресурсым



Бұл папкада жеке қолданушының ресурстары сақталады.

Ресурсты іздеу




Нақты сөз арқылы ресурстарды іздеу. ACTIVstudio ресурстары топтастырылған, сондықтан да іздеу критерийін енгіз және тез іздеу батырмасын шерт.

Басқа Ресурстар папкасы



Папканың мазмұны, таңдап алынған батырманы «Басқа папканы карау» көрсетеді. Жалпы Ресурс папкасы мен Менің Ресурсым арасында және таңдап алынған мазмұнның арасында қатынас жасауға болады.

Басқа папкадан іздеу



Компьютердің ішіндегі ресурстарды қарастырады.

Бүктеу\ашу




Экранда орын босату үшін, Кітапхана Ресурсын бүктеп қояды.

Ресурс тірегін көрсету\жабу



Ресурс тірегінің терезесін көрсетіп және оны жасырады.

Ресурс тірегі



Таңдап алынған категорияның ішіндегі категориясын көрсетеді.

Эскиз панелі

Әрбір эскизді алдын ала қарағаннан бастап флипчартқа қосқанға дейін қарастырады.

Жалпы\Менің Ресурсым

Жалпы Кітапхана Ресурсын қарастырғаннан бастап, оң жақтағы батырмаларды таңдауға болады. Батырманы шерткенде арнайы типті барлық ресурстарды таңдағанға байланысты қарап шығасың. Мәтін ресурсында,



Жалпы\Менің мәтінім батырмасын шерт. Әр түрлі торларды қарау үшін Жалпы\Менің торым батырмасын шерт.

1. Жалпы / Менің коллекциям
2. Жалпы / Менің түсім
3. Жалпы / Менің торым
4. Жалпы / Менің кескінім
5. Жалпы / Менің мәтінім
6. Жалпы / Менің формам
7. Жалпы / Менің сызбам
8. Жалпы / Менің ескертпем
9. Жалпы / Менің дыбыстарым
10. Жалпы / Менің флипчартым
11. Жалпы / Менің флипчарт беттерім
12. Жалпы / Менің лентям
13. Жалпы / Менің көрсеткіштерім
14. Жалпы / Менің бейнем
15. Жалпы / Менің веб-сілтемелерім
16. Жалпы / Менің іс-әрекеттерім


Нұсқаларды ары-қарай таңдап алып, флипчарт бетінде көрсетілген ескертулерді қосуға болады.


3. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

№1 Зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Жаңа флипчарт құру

Зертханалық жұмыс мазмұны мен мақсаты: Зертханалық жұмыста келесі бұйрықтармен жұмыс жасап үйрену қажет: жаңа флипчарт құру тәсілдері, қалам құралымен жұмыс, қаламның түсі және ұшының қалыңдығы, қаламның селекторларын қолдану, бірнеше объектілерді таңдау және редакторлеу, болдырмау құралын қолдану, қайтару құралын қолдану, тазалау құралын қолдану, өшіргіш құралын қолдану, нысандарды флипчарттың қоржынын қолданып өшіру, нысанды түзету құралы тақтасының көмегімен объектінің көшірмесін жасау. Мәтін құралымен мәтіннің қасиеті құралын қолдану Маркер құралын пайдалану.





Негізгі құралдар тақтасынан  батырмасын басып жаңа толық экранмен бірдей флипчарт құрады. Кез келген уақытта осы батырманы басып флипчарт құруға болады. «Флипчарт» батырмасына қайта басып тағы да флипчарт құруға болады.

Қалам құралын пайдалану



Кез келген қиын істі бастағанда, алдымен онымен қалай жұмыс жасауға болатын ережесімен танысу қажет. Жұмыстың көбі негізгі құралдар тақтасы болып табылады. Өздерің байқағандай негізгі құралдар тақтасында – бөліп алу құралын– тіктөртбұрышты шекарасы бар түссіз фон; бұл сол құралдың активті екендігін көрсетеді. Бөліп алу құралы кез



келген объектіні  бөліп алу үшін қолданылады. Қазір  бет таза болғандықтан, Қалам құралын басып активтендіруге болады. Оны активтендіру үшін, онда бір рет шерткен жеткілікті. Енді «а» әрпін флипчарт бетінде жазамыз.

Қаламның түсі және ұшының қалыңдығы



Негізгі құралдар тақтасында көк түстің ерекшеленіп тұрғанын байқауға болады. Басқа түске ауыстыру үшін, сол түсті шерту жеткілікті. Қаламның ұшының қалыңдығын 6 санына басып өзгертуге болады. Енді «ә» әрпін флипчартқа жазамыз, жаңа баптау іске қосылғанын көру үшін.



Қаламның селекторларын қолдану




Қаламның үстінде тышқанның оң жақ батырмасын шерткенде қаламның селекторы іске қосылады. Бұл қаламның ұшын әр түрлі қолданудың әдістерін көрсетеді. Бір түрін

қолданып «с» әрпін жазуға болады.

Бірнеше объектілерді таңдау және редакторлеу

Бөліп алу батырмасының көмегімен барлық үш әріпті бөліп аламыз. Қалай шертіп және орналастыруға болады:

1. Таңдап алынған объектінің жоғарғы сол жақ шетіне шерт.



2. Объектінің оң жақ төменгі бұрышында ACTIVpen – нің ұшымен шерт.

3. Әріптің айналасында төртбұрыштар пайда болады. Бұл төртбұрыштар объектінің бөлініп алынғандығын

көрсетеді. Кез келген басқа түс және қаламның ұшының қалыңдығын таңдағанда келесі әріптердің бәрі бірдей өзгереді.

Болдырмау құралын қолдану



ACTIVstudio бағдарламасында қате жіберіп алсаң, алаңдаудың қажеті жоқ, себебі олардың бәрін де алып тастауға болады. Болдырмау құралын бір рет шертіп, соңғы орындалған әрекеттерді алып тастауға болады. Әрбір шертен сайын орындалған әрекеттер өшіріле бастайды. Осы

әрекет флипчарттың алғашқы ашылған бетіне дейінгі әрекеттерді алып тастайды.

Қайтару құралын қолдану



Қайтару құралы, болдырмау құралымен орындалған әрекеттерді қалпына келтіреді.

Осы құралдардың көмегімен бірнеше әрекеттер орындандар.

Тазалау құралын қолдану




Терезені тазалаудың басқа да амалдары бар. Тазалау батырмасын басып, пайда болған қосымша терезеден бетті тазалау жолын таңда. Бұл экранды тазалаудың тез және ең оңай амалы. Ал қосымша терезенің басқа нұсқалары флипчарт бетіндегі нақты элементтерді өшіру үшін қолданылады.

Өшіргіш құралын қолдану




Енді қаламның қалыңдығын 8-ге қойып, түстер палитрасынан көк түсті алып «abc» әріптерін флипчарт бетінде жазамыз. Өшіргіш құралы флипчарт бетіндегі объектілерді жасыру үшін қолданылады. Өшіргіш



құралының да қаламның қалыңдығына ұқсас өзіне тән нақты қалыңдығы болады. Өшіргіш құралын алып, оның қалыңдығын 20-ға қойып, қаламды пайдаланғандай, қолданып «а» әрпін өшіреміз. Егер де өшіргіштің қалыңдығын 50-ге үлкейтсек, онда бірден беттің үлкен аумағын өшіруге болады. Енді «с» әрпін өшіреміз.


Нысандарды флипчарттың қоржынын қолданып өшіру



Объектілерді түпкілікті жою үшін, флипчарттың қоржынына тастау керек. Бөліп алынған объектіні, «а» әрпін қоржынға тастау керек. Ол үшін объектіні белгілеп алып, қоржынның беті ашылғанда ішіне тастау керек.



Нысандарды түзету құралының көмегімен өшіру





Нысандарды түзету құралының ішінде де нысандарды өшіру батырмасы бар. Бұл тақтаны іске қосу үшін, нысанның үстінен үздіксіз екі рет шертіп, содан кейін өшіру батырмасына басу керек.

Нысанды түзету құралы тақтасының көмегімен нысанның көшірмесін жасау.



Бөліп алу құралының көмегімен үш әріптің, сол жақ жоғарғы бұрышынан, әріптің сызығының үстінен екі рет шертеміз. Көшірме батырмасының үстінен бірнеше рет шертеміз. Әрбір шерткен сайын, флипчарт бетінде әріптердің жаңа көшірмелері пайда болады.

Мәтін құралымен мәтіннің қасиеті құралын қолдану



Флипчарттың бетінде АСТIVpen-нің көмегімен баспамен де жазуға болады. Мәтін құралын таңдап алып, жұмыс бетінің ортасында, яғни жазу жазатын орынды белгілеп алып, сол жерде шертеміз. Сонда флипчарт бетінде меңзер пайда болады. Мәтінді түзету тақтасы мәтіннің түсін, көлемін және эффектілерін өзгертуге мүмкіндік береді. Пайда болған терезеден мәтіннің үлкен көлемін және қаріптің басқа түрін таңдап алып, қисайтылған, көлеңке түсірілген батырманы басып, әріптің басқа түрін таңдаймыз. Енді «abc» әріптерін жазамыз.



Мәтін қасиетінің өзгеруі

Мәтінге енгізілген мәтіннің стилін өзгертуге болады. «abc» әріптерінің үстінен екі рет шертеміз немесе бөліп алу батырмасын таңдап аламыз. Осы мезетте экранда

объектілерді редакторлеу құралының тақтасы іске қосылады. Бұл тақтадан «Барлығы» (Все) батырмасын шертеміз. Бұл бұйрық мәтінді бөліп алып, оны әртүрлі стильмен өзгертуге мүмкіндік береді.

Маркер құралын пайдалану




Маркер батырмасын басып, өзімізге ұнаған түсті таңдап, флипчарт бетіндегі әріптің үстінен белгілейміз.

Флипчартты сақтау

Бас мәзірден, негізгі құралдар тақтасының сол жақ үстінен **Флипчарт – Қалай сақтау** бұйрығын таңда. Сонда флипчартты **Менің флипчартым** бумасында, **Жалпы флипчарттар** бумасында немесе **басқа бумалар** ішінде өз таңдауың бойынша сақтауға болады. Ал қазіргі жағдайда **Менің флипчартым** ішінде сақтаймыз, өйткені бұл ең ыңғайлы амал, себебі оны




кайтадан тез табуға оңай тәсіл. Пайда болған **«Флипчартты сақтау»** терезесінде файлдың атына **«Информатика»** жазып, сақтау батырмасын шертеміз. ACTIVstudio бағдарламасының негізгі құралдарын қолдану ыңғайлы. Бас мәзірден  батырмасын шертіп ACTIVstudio қосымшасынан шығындар.

№2 Зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Мәтін, формалар және түстер


Жұмыс мақсаты мен мазмұны: Алдын ала сақталған флипчартты ашу, оны жаңа атпен қайтадан сақтау, флипчартта жаңа бет құру, беттің тақырыбын жазу үшін мәтін құралын қолдану, қаламның Модификатор құралының жиынын қолдану және формалармен жұмыс жасап үйрену.

1. Алдын ала сақталған флипчартты ашу



ACTIVstudio бағдарламасын іске қосамыз. Негізгі құралдар тақтасынан басты менюден **Флипчарт - Ашу - Менің Флипчарттарым** командасын орындап, сақтап қойған **«Инф1»** файлын таңдаймыз және **ОК** батырмасын шертеміз.



2. Флипчартты жаңа ат пен қайтадан сақтау






Флипчартқа өзгерістер енгізгенде, онда жаңа ат қойып сақтауға тура келеді. Бұл сақталған флипчарттың үстінен жазылған өзгерістерді қатеден сақтайды. Басты менюден **Флипчарт – Қалай сақтау–Менің флипчартым** командасын

орындап, «Инф2» атымен сақтаймыз. Кез келген уақытта басты менюден **Флипчарт – Сақтау** командасын орындап жұмысты сақтауға болады.


3. Флипчартта жаңа бет құру

Флипчарттың құралдар тақтасынан  батырмасын шерткенде жаңа бет ашылады. Бұл тақта флипчарт бетіндегі қысқа кескіндер болады. Бұл тақта беттің шетінде немесе төменгі жағында пайда болуы мүмкін. Оны орналастыру үшін батырманың оң жағында шерту керек. Егерде АСТIVpen – ді қолдансақ, онда қаламды тақтадан бірнеше миллиметр қашықтықта ұстап тұрып, оң жақ батырманы басу керек. Тышқанның оң жақ батырмасын\қаламның батырмасын қолданып, тақтаны өзіміз қалаған жерге орналастырамыз. Бұл мезетте Келесі бетке өту батырмасында  қаламның батырмасын шерткенде, беттің айналым эффектілерін қоюға болады.



Кез келген уақытта басқа бетті активтендіру үшін  батырмасын шерту керек. Ал бастапқы бетке қайтадан келу үшін  батырмасын басу керек.

4. Беттің тақырыбын жазу үшін мәтін құралын қолдану




Мәтін құралын іске қосамыз. Енді беттің тақырыбын жазу керек. Ол үшін беттің сол жақ жоғарғы бұрышында шерту керек. Тақырыпты *Форма құру және құю батырмасын үйрену* деп жаз. Қажет болса мәтін объектісін әдемілеп бір бетке сыйғызамыз.

5. Қаламның Модификатор құралының жиынын қолдану


Қалам құралын қолданып қолмен төртбұрыштың суретін саламыз. Қаламмен сурет салуға болғанымен оның сызықтары қисық және нақты болмайды. Енді фигураларды түзу де нақты салу мүмкіндігі бар.



Мұндай мүмкіндікті қаламның Модификатор құралы




тақтасының көмегімен қалам эффектілерінің барлық мүмкіндіктерін қолдануға болады. Оны қаламның үстінде оң жақ батырманы шертіп іске қосуға болады. Қажетті құралдарының көмегімен төртбұрыштың суретін салыңдар. Енді қабырғалары түзу фигураларды салуға болатынына көз жеткізуге болады.




6. Формаларды түспен бояу

Енді **Қюю** құралын қолданып Түстер палитрасынан кез келген түсті таңдап аламыз. Жаңа төртбұрыш формасын осы түспен толтырамыз.



7. Түстер палитрасын баптау

Ал енді 8, 16, 24 түспен жұмыс жасауға болады. Оны іске асыру үшін Басты менюден Құралдар панелін баптау – түстер – 24 командасын орындағанда Түстер палитрасының кең көлемін қолдануға болады.



8. Беттің фонын түспен бояу

Беттің фонының түсін өзгертуде құюға тән. Жаңа түсті алып, формалардың сыртында, яғни беттің фонын өзгертеміз.

9. Бапталған формаларды құру үшін Қалам Модификаторы құралын қолдану

Қалам Модификаторы құралы тақтасында үш түзу сызық бар. Енді осы формалардың көмегімен үшбұрышты саламыз. Қара түсті таңдап, сызықтың 8 қалыңдығын таңдаймыз. .



10. Жеке объектілерді топтастыру

Енді үшбұрыштың қабырғаларын жекелей редакторлеуге, орналастыруға, таңдауға болады. Үшбұрыштың қабырғаларын топтауға бір-біріне тәуелсіз ретпен таңдауға, ауыстыруға және редакторлеуге болады. Үшбұрыштың қабырғаларын топтастырғаннан кейін оны Қаламның Модификатор құралы тақтасымен айналдыруға немесе ауыстыруға болады. Үшбұрышты



топтастыру үшін, осы үш сызықтарды араластыру үшін бөліп алу құралын қолданамыз. Форманы

қоршаған төртбұрыш пайда болғанда, сызықтың үстінен екі рет шертіп объектіні редакторлеу құралынан Қасиет батырмасын шертіп,



пайда болған терезеден Топтастыруды таңдаймыз. Егер де кез келген

үшбұрыштың сызықтарында шертсек, үшбұрышты толығымен өз қалауың бойынша ауыстыруға болады.

11. Көрсеткіш құралы

Көрсеткіш Құралы Түзу сызықтың көмегімен басқа сурет салудың амалын




ұсынады. Бұл құралды қолданып үшбұрыштың суретін саламыз. Беттің ортасында Көрсеткіш құралын таңдап үшбұрышты саламыз. Енді меңзердің орналасуын бақылайық. Сызық меңзердің бағытымен бірге ауысып отырады. Келесі нүктені басамыз, үшбұрыштың кезекті

нүктесін орналастыратын жерге. Үшінші нүктені бас, нәтижесінде үшбұрыш пайда болады. Бірінші нүктеге жеткенде үшбұрыш дайын болады. Форма аяқталғанда сызық меңзердің соңынан ілеспейтін болады.



Қайтару батырмасы қате жіберілген жағдайда оны түзетуге көмектеседі.

12. Форманы түспен бояу



Қю құралын таңдап, Түстер палитрасынан жаңа түс таңдаймыз. Таңдаған түспен бояу үшін үшбұрышты шертеміз. Флипчартты сақтап ACTIVstudio-ны жабамыз.


№3 Зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Кітапхана Ресурсы.


Жұмыс мақсаты мен мазмұны: Кітапхана ресурсымен жұмыс жасау технологиясын үйрену.

1. Сақталған флипчартты ашу және жаңа бет құру

ACTIVstudio – ны іске қосып, Инф1 файлы ашамыз. «Келесі бет»

 құралын қолданып флипчартта жаңа бет құрып. Флипчартты «Менің флипчартым» бумасында жаңа атпен сақтаймыз.

2. Бір флипчарт бетінен элементті келесі бетке көшіру

«Бетті таңдау»  батырмасымен, үш беттен тұратын флипчарт беттерін тексереміз. 2-ші және 3-ші беттерді активтендіру қалпына келтіреміз. Егер де 3-ші бетте жұмыс жасағанда, алдымен 2-ші беттегі тақырыпты көшіріп аламыз. Әрине, жаңа бетте қайтадан теріп жазуға да болады, бірақ та көшіру әдісі тақырыптың әрбір бетте сол жерде шығатынына кепілдік береді. Бөліп алу батырмасы активтендірілгендігіне көз жеткізіп, 1-ші беттегі тақырыпты, 3-ші бетке көшіріп, Пайда болған менюден «Осында көшіру» командасын таңдаймыз. 3-ші бет активтендірілгенде қызыл жиекпен ерекшеленіп тұрады.




3. Мәтінді редакторлеу



Енді 3-ші беттегі мәтінді түзетейік. Тақырыпта екі рет шерткенде, нысанды түзету тақтасы іске қосылады. Тақтадан «Мәтінді редакторлеу» батырмасын таңда. Мәтінді бірден ерекшелеп алу үшін құралдар тақтасынан «Барлығы» батырмасын басу керек. Енді Кітапхана

Ресурсын үйрену мәтінін теріп жазамыз. Жаңа мәтін бұрынғы тақырыптың орнын басады.



4. Кітапхана ресурсын ашу

Флипчарт құралдар тақтасынан «Кітапхана ресурсы»  батырмасын басамыз. Кітапхана ресурсы терезесі іске қосылады. Кітапхана ресурсы ACTIVstudio бағдарламасында өте маңызды бөлімнің бірі.


5. Көмекші сөздерді қолдану

Егер де меңзер ACTIVstudio батырмасының астында болса, көмекші сөздер шығады. Бұл құрал әрбір батырманың функцияларын еске түсіріп отырады.

6. Жалпы кітапхана ресурсы


ACTIVstudio бағдарламасы орналастырығаннан кейін «Жалпы кітапхана ресурсы»  мындаған ресурстарды қолдануға мүмкіндік береді.  батырмасын іске қосамыз.

7. Ресурс тірегін қолдану

Кітапхана ресурсының сол жағындағы батырмада көптеген қажетті ресурс түрлерін таңдауға болады. «Жалпы кескіндер»  батырмасын бассақ, тақтада бірнеше кішкентай картиналар шығады. Көптеген суреттерді табу үшін Ресурс тірегін қолданамыз. Мұнда барлық жалпы кескіндер орналастырылған бумалар бар. Ресурс Тірегінен + таңбасы, мұнда тағы да кіріктірілген бумалардың бар екенін көрсетеді. Ресурс тірегімен жұмыс жасап көрейік.


8. Кітапхана ресурсынан жалпы кескіндерді таңдау

Қазір кейбір құстарды іздестіріп көрейік. «Жалпы кескіндер» батырмасынан «Андар» бумасын табындар. Ондағы + батырмасын шертеміз. «Құстар» бумасын ашсақ, тақтада буманың мазмұнын көреміз. Әрбір суреттің астында аттары жазылады. Егер де жазу жоқ болса, «Меню» батырмасының жоғарғы сол жақ шетіндегі Кітапхана ресурсы терезесіндегі менюден «жазбалар» командасын таңдаймыз.





9. Флипчарт бетіне Кітапхана ресурсының объектілерін қосу



Кітапхана ресурсы терезесінің төменгі бөлімінде төрт бөлім бар. «Түссіздендірілген» бөлімі белгіленгенін қарастырамыз. Бұл суреттің фоны түссіздендіреді. Енді «Тасымалдау» бөлімі белгіленіп алғанын тексереміз. Бұл суреттерді флипчарт бетіне тасымалдауға мүмкіндік береді. Енді құстарды флипчарт бетіне тасымалдаймыз.







10. Кітапхана ресурсын бүктеу

Суреттерді флипчарт бетіне қойғаннан кейін, Кітапхана ресурсын беттің сол жақтың жоғарғы жағына «Бүктеу»  батырмасын басып орналастырамыз. Бүктеулі күйінде Кітапхана ресурсы  экранда аз ғана орын алады және де оны кез келген мезетте қалпына келтіруге болады.


11. Объектіні редакторлеу құралы тақтасын қолданып суреттердің көшірмесін алу


Бөліп алу құралының көмегімен суреттің ортасына шертеміз. Нысанды  түзету құралы тақтасы іске қосылғанда,  «Көшірмелеу» батырмасын үш рет шертеміз, сонда бір суреттің үш көшірмесі пайда болады. Суреттерді жеке-жеке қоямыз.

12. Нысанның көлемін өзгертіп және оны айналдыру


Объектіні редакторлеу тақтасының құралын қолданып, суреттердің сыртқы түрін өзгертуге болады. Үш суреттің бірін белгілеп алып, объектіні редакторлеу тақтасының көмегімен  «Көлемін үлкейту» батырмасымен суреттің көлемін үлкейтеміз. Келесі суретті  «Көлемін кішірейту» батырмасымен кішірейтеміз. Енді үш суреттің көлемі әр түрлі. Ал үшінші суретті  «Бөліп алу» батырмасын шертіп  көмегімен айналдырамыз.

13. «Өшіру» батырмасын қолдану





Кез келген суретте екі рет шерткенде объектіні редакторлеу тақтасынан  «Өшіру» батырмасының көмегімен қажетсіз суреттерді өшіруге болады.


Ескерту: Суретті флипчарттағы  қоржынға салуға болады. Бірақ та объектіні редакторлеу тақтасындағы құралды пайдалану ыңғайлы және де ол бөліп алынған суреттің жанында тұрады.

14. Тану құралын баптау

Негізгі құралдар тақтасынан  «Тану» құралын шерткенде, түзету құралының тақтасы іске қосылады. Қосу\өшіру батырмасы жасыл түсті болу керек, егер де ол қызыл түсті болса батырманың үстінен шерткенде тану


батырмасы іске қосылады. Баптаудың төрт параметрі болады. Оларды келесі параметрлер бойынша өзгертуге болады:

әріпті тану , форманы тану , санды тану  және де санды және әріпті тану  батырмалары.

Батырманы басып әріптерді жазамыз. Жылжымақ  ортасында тұру керек, бұл мәтінді қолжазбадан машина мәтініне айналдырады.



Ескерту: Тану құралы тек қана ACTIVboard немесе ACTIVslate опциялары қосылғанда ғана жұмыс жасайды.



15. Тану құралының көмегімен мәтін құру

Тану батырмасын  қосқаннан бастап ACTIVstudio қолмен жазылған мәтіндерді мәтіндік объектілерге айналдырып отырады. Соңынан бұл мәтінді редакторлеуге болады. Көк түсті таңдап аламыз да өлшемін үшке қойып мәтін жазамыз. Көрсеткіш бетте болған кезде, қосымша иконканы көруге болады. Оның атқаратын қызметі, тану құралының бапталуына байланысты мәтін немесе формаларды жазғаннан кейін, олардың өзгеріп тұратынын білдіреді.

Әрбір суреттің астына, оның атауларын жазып шығамыз

16. Жалпы фонды таңдау

Кітапхана ресурсынан Жалпы фондар  – Басқа Тірек ресурсын таңдаймыз. Қолдану алдында фондарды қарап шығуға болады. Тасымалдау опциясында тұрғанын тексеріп алып, құстарға қажетті фонды таңдап аламыз. Кейбір кезде фон барлық бетті алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда жаңа фонда екі рет шертіп,  «Қасиет» батырмасында басып, терезенің сол жақ шетінде «Қасиет және іс-әрекеттер» опциясын



кою керек. Қажет болғанда «Фонның орналасуы» менюінен «Тарту» опциясын таңдауға

болады. Қажет болған жағдайда Фонды барлық бетке қоюға болады,

«Қасиет және іс-әрекет» терезесінен «Түр» опциясына ауысып, онда мозаика көлемімен жолынан ашылған команданың ішінен «Көлемнің өлшемімен тарту» опциясын таңдап алуға болады.

№4 Зертханалық жұмыс



Жұмыс тақырыбы: «Өшір және көрсет», «Прожектор» бұйрықтары.

Жұмыс мақсаты мен мазмұны: «Өшір және көрсет» техникасын және «Прожектор» құралын қолдану әдістерін үйрену.

1. Сақталған флипчартты ашу

ACTIVstudio-ны ашып, Флипчарт 2 – ні іске қос және де Флипчарт 3 атымен келесі флипчартты сақтап қоямыз. Бұл флипчарт өте үлкен көлемді болмақ. Бірақ та, оны қайтадан жазбаймыз, көшірмейміз және де қоймаймыз, өйткені барлық беттердің көшірмесін аламыз да, қажет емес элементтерді өшіріп тастаймыз.

2. Флипчарт беттерінің көшірмесін алу

Флипчарт құралдар тақтасынан  «Бетті таңдау» батырмасын басып, 4-ші беттің активті екендігін нобайдан шертіп тексереміз. 4-ші беттің фондында екі рет шертіп редакторлеу құралдар тақтасына  «Бетті Көшірмелеу» батырмасын таңдап аламыз. 4-ші бетті активтендіру үшін оған шертіп, «Бетті таңдау» батырмасында шертіп, бетті қалыпты күйіне қоюға болады.



3. Беттің фонын өшіру

Енді беттегі фонды өшіреміз. Менюден «Фонды өшіру» опциясын таңдап аламыз. Фонды ақ түспен бояп қалдыру үшін, түстер палитрасынан ашық-көк түс құралын таңдап аламыз. Флипчарт бетін ашық-көк түспен бояймыз.




4. «Өшір және көрсет» техникасы

«Қалам» құралын таңдап алып, ашық-көк түсін таңдап аламыз. Қаламның қалыңдығын таңдап алып, жазуды жауып қою үшін флипчартты сақтаймыз.

5. «Прожектор» құралын қолдану

Флипчартта кейбір арнайы презентацияны құру үшін ACTIVstudio-ның барлық құралдары қолданылмайды. Бұл құралдың бірі –



«Прожектор» құралы. Оның опцияларының ішінен «Дөңгелек прожекторды» таңдаймыз. Енді экранның нақты аймағын белгілеп алуға болады,



егер де флипчарт бетінде мензерді жылжыта отырып, бақылау ортасының үлкейтіп немесе кішірейтіп баптаймыз. Ал оны алып тастау үшін қайтадан «Прожектор» батырмасында шерту керек.

6. «Өшіргіш» құралын қолдану

«Өшіргіш» құралын таңдап алыңдар. Алдын-ала жазылған жазудағы ашық-көк түс маскасын өшіріңдер. Алғашқы жазулар өшірілмейді, себебі олар басқа қабатта. «Өшіргіш» құралы үстіңгі қабатта ғана активті. ACTIVstudio-ны жауып шығуға болады, ал беттегі элементтер сақталып қалады.

Ескерту: Аннотация негізгі қабатта, жазулар, тану құралының көмегімен құрылған ортаңғы қабатта орналастырылады.

№5 Зертханалық жұмыс

Жұмыс тақырыбы: Торлар. Перде бұйрығы.



Жұмыс мақсаты мен мазмұны: Торлар құру, торда мәтінмен жұмыс жасау әдісін үйрену. Перде бұйрығымен жұмыс жасап үйрену.

1. Сақталған флипчартты ашу

ACTIVstudio-ны іске қосып, Флипчарт 4-тің соңына жаңа беттер қос. Соңында флипчартта 5 бет болу керек. Енді оны Флипчарт 5 деп сақтаймыз.

2. Торлар құру


Торлар құру үшін фон торлары қажет. Бірақ та торларды басынан бастап құрмай-ақ, ACTIVstudio-ның дайын торларының фонын қолдануға болады. Кітапхана ресурсын іске қосып, «Жалпы торлар» бөлімінен



торлардың наубайларын көруге болады. Мұнда '1x1 торын' тауып, оны Жалпы торлардан жаңа флипчарт бетіне қоямыз.

3. Торлардың көлемін өзгерту

Бұл мезетте торлардың өлшемі өте кішкентай; бірақ та оны өзімізге қажетті өлшемнің көлемімен өзгертуге болады. Ол үшін бізге үлкен торлар қажет. Тордың көлемін өзгерту үшін, флипчарт бетінде екі рет шерту қажет. Бетті түзету құралдары тақтасын ашып,



«Объектінің көлемін үлкейту»

батырмасын беттегі горизонтальді сызықтар төртеу болғанша басып тұру керек.

4. Мәтін құру



Құралдар тақтасынан



Тану

батырмасын таңдап алыңдар. «Қаріпті таңдау» терезесінен 20-ші өлшемді таңдап ОК батырмасын шертеміз. ACTIVpen немесе тышқанмен «ACTIVstudio» сөзін жазғаннан кейін, қолмен жазылған мәтін, пернетақтамен жазған мәтінге айналады.



Кезекпен «ACTIVstudio» бағдарламасының қосымша құрылғыларын жазамыз..

5. Нысандарды тордың бойымен реттеу

Бөліп алу құралын қолданып, «ACTIVstudio» тышқанмен тордың горизонтальды сызығының шетіне орналастырамыз. Әрекеттерді орындағанда мәтін тордың сызығының бойына орналасатынын байқауға болады.




Енді келесі сөздерді жазғанда олар кезекпен сызықтың бойында орналасады. Әрбір сөз өзінің горизонтальды сызықтың бойында ретпен жазылады.



6. Кітапхана Ресурсына ресурстар қосу


Бұл сөздер алдағы жобаларды жасағанда қажет болатындықтан, оларды Кітапхана Ресурсына қосып қоямыз.



Флипчарттың құралдар тақтасынан Кітапхана Ресурсы батырмасын басып,  менің Кітапхана Ресурсым батырмасын таңдау керек, бұл жерде кез келген ресурстарды сақтауға болады және өзің үшін ресурс жинақтайсың. Менің Мәтінім батырмасын басып, оң жақтағы бірінші сөздерді орналастырамыз.

7. Тану батырмасын баптау: тіл

Бұл уақытқа дейін тану батырмасы, ағылшын тілінде (Великобритания)



таниды. Ал ол көптеген тілдерді тани алады.




8. Тану құралын қолдану

Енді, тану құралын қолданғанда, ACTIVstudio қолмен жазылған мәтінді машиналық мәтінге айналдырады. Бірақ та, естерінде болсын, ол аударма жасамайды.


9. Көрінетін Торды өшіру



Флипчартқа соңғы штрихтарды қосындар. Флипчарт бетінде екі рет шертіп редакторлеу құралы тақтасынан  Тор беті құралын таңдап аламыз. Бұл ауыстыратын-құрал, батырманы тағы да бір шерткенше, функциялар активті

болып қалады. Торды жауып қойған кезде, олар көрінбейді, бұдан функциялау тоқтап қалмайды. Соңғы штрих ретінде, құю батырмасымен бетті ашық-көк немесе ашық сары түске бояндар. Түс өзіңе ұнағанда, флипчартты сақтап қоямыз.

10. Перде құралын презентация кезінде қолдану

Флипчарттағы презентацияны жандандыру үшін ACTIVstudio-ның  перде құралын пайдалануға болады. Бұл құралды активтендіргенде, экранды



тек қара түсті қалыпта көруге болады.

Меңзерді экранның жоғары бөлігінде төмен қарай жылжитқанда экранның ашылғанын көреміз. Оңнан солға, төменнен жоғары немесе сол жақтан оңға қарай экранды ашуға болады. Перде батырмасын алып тастау үшін, сол құралдың үстінен шерту керек..


№6 Зертханалық жұмыс

Жұмыс тақырыбы: Суреттермен жұмыс.

Жұмыс мақсаты мен мазмұны: Суреттермен жұмыс жасау әдістерін, нысандарды қабаттар арасына ауыстыруды үйрену. Құю құралымен, Зум құралымен жұмыс жасап дағдылану. Флипчарт бетіне ескерту құру, оған мәтін енгізіп сақтауды білу.

1. Сақталған флипчартты ашу

ACTIVstudio-ны іске қосып, Флипчарт 4 терезесін іске қос, соңында жаңа беттер құрамыфз.

Беттің  Селектор құралын қолданып, флипчарттың беттерін тексеріп шығып, флипчартты қайтадан сақтаймыз.

2. Тақырып құру

Мәтін құралын алып беттің тақырыбын құрыңдар. Қаріптің көлемін таңдап «Дүниежүзі картасы» сөз тіркесін жазамыз.

3. Жалпы суреттерді қодану

Кітапхана Ресурсын ашып **Жалпы Кітапхана – Жалпы Суреттер – Карталар** командасын орындаймыз. Флипчарт бетінде «Дүниежүзі материктері» сөзін жазамыз.

4. Аспектілі өлшемді қолдану


. Төменгі оң жақтағы төртбұрышта басқаларына өзгеше өзгеріс бар екенін байқауға болады. Бұл төртбұрыш Объектінің өлшемі (пропорциясын сақтайды). Оны қолданғанда суретті үлкейткенде бастапқы пропорциясын сақтап қалады. Төртбұрыштың көмегімен картаның диагоналы бойынша үлкейтеміз. Бұл төртбұрышты қолдана отырып, картаны беттің өлшемімен бірдей етіп үлкейтеміз.

5. Нысандарды қабаттар арасында ауыстыру


Енді, нысандарды үлкейткенен кейін, суреттер сапасын жоғалтады. Бұл жағдайды болдырмау үшін, суретті кабаттың астына орналастыруға болады. Суретте екі рет шертіп, нысандарды түзету құралдар тақтасынан Қасиет батырмасына басамыз. Сыртқы түрді таңдап кабатты ортаңғыдан ең астына жібереміз. Картаның суретін қағазда салғандай етіп орналастырып Беттің Қасиеті терезесін жабамыз.

6. Тамызғыштың көмегімен түстерді өзгерту

Енді флипчарт бетінде Түстер палитрасынан кез келген түсті таңдап аламыз.


 Тамызғыш құралын таңдап алғанда, түс таңдап алынған болса, тамызғышты қолдансақ, онда түсі өзгереді де, флипчарт бетінде жаңа түске енеді. Ашық көк түсті таңдап аламыз. Түстер палитрасында басқа үш түрлі жасыл түс бар. Тамызғыш активті болып тұрғанда, картада меңзер+ таңбасына ауысады. Бетте Тамызғышты басқанда түс + таңбаның астында болады. Дүние жүзінің картасынан Антарктиданы белгілеп алып, ашық түстің бірін таңдаймыз. Жаңа түс алдыңғы түсті ауыстырып активті болады. Құю құралымен жұмыс жасап, Материктің бірін немесе фонын жаңа түспен бояймыз.

Егер де өздеріңе ұнаса, өзгерісті сақтап қоюға болады немесе Болдырмау батырмасын басып алдыңғы жұмысты бастаған жерлеріңе қайта келуге болады.




– Құралдар тақтасынан –
Барлық құралдар тақтасын алып тастау батырмаларын шертіндер. Бірақта естеріңде

болсын, құралдар тақтасындағы барлық баптаулардың түгелге дерлік алып тасталады.



8. Суретті үлкейту үшін бетте Зум құралын қолдану

 Зум құралын таңдап алып, батырманы басып тұру қажет. Бір-екі секундтан кейін флипчарт беті үлкейе бастайды.



9. Масштаб батырмасын қолданып бетті қалпына келтіру

Тышқанның оң жақ батырмасын басып ұстап тұрсақ, сол жақ батырмасын басып ұстап тұрғаннан ерекшелігі суретті бастапқы қалпына келтіреді.

Бірақ та, көлемді кішірейту әдісі – бұл қайтадан Тақырып тақтасынан Көлем батырмасын таңдап алып, Бастапқы Көлемді таңдауға болады.



10. Суреттің нақты түсін таңдау

Суреттің арнайы түсін таңдап өзгерткен кезде бетте көлем құралын пайдалану өте ыңғайлы. Картадан қара сызығын таңдап алып оның Көлемін өзгертейік. «Африка» сөзіндегі әріптерді үлкейтеміз. Ол үшін Түстер палитрасынан сызықтың түсін таңдаймыз. Көлем батырмасын басып, бетті бастапқы қалпына келтіріңдер.

11. Мәтіндік нысанның түсін өзгерту үшін, Құю құралын қолдану

Құю құралын таңдап алып, жаңа түспен беттің тақырыбында әрбір сөзді бояймыз. Әріптің үстінде шертеміз, басқаша жағдайда түс барлық бетке құйылып кетеді. Түс аздап қана өзгереді, таңдап алынған түске байланысты.



12. Мәтінді беттегі ескертуде сақтау

Ескерту бетінде басамыз. Терезеде Мұхиттардың тізімін жазамыз:

Атлант мұхиты

Тынық мұхиты

Солтүстік Мұзды мұхиты

Антарктида мұхиты

Үнді мұхиты


Егерде терезеде картаны анық көрсетпесе, оны терезенің оң жақ



жоғары шетіне қоямыз. Терезенің шетіндегі батырмаларды пайдаланып, қажет болса терезенің көлемін өзгертеміз.

13. Флипчарт бетіндегі Ескертуге мәтін қосу



Флипчарттағы Презентация кезінде бетке  Ескерту қоюға болады. ActivStudio Ескерту терезесіне қойылған баптауларды сақтап қалады. Бірінші мұхиттың атын белгілеп алып, «Бетке қосу» батырмасын басып терезедегі Ескертудің төменгі жағына қосамыз.

№7 Зертханалық жұмыс

Жұмыс тақырыбы: ActivStudio бағдарламасының арнайы құралдары.

Жұмыс мақсаты мен мазмұны: ActivStudio бағдарламасының арнайы құралдары: сызғыш, транспортер, циркуль, бөлшек сандар құру және т.б. құралдарымен жұмыс жасап үйрену.

1. Сақталған флипчартты ашу


ActivStudio-ны іске қосып және Менің флипчартымнан Флипчарт 5 ашамыз.



Бетті таңдап 7 бет құрамыз. Қайталап сақтандар Флипчарт 6 атымен сақтандар. Сандар тақырыбын жазамыз.

2. Сызғыштың мүмкіндіктері

Негізгі құралдар тақтасын іске қосамыз. Сызғыш (см) құралын таңдап аламыз. Сызғыш бетте пайдалануы керек. Сызғыштың төменгі жағына меңзерді қойсақ,



меңзер+ таңбасына айналады.




Бұл сызғышты қозғалтуға мүмкіндік беретін таңба. Сызғышты терезенің ортасына қойып, меңзерді оның жоғарғы жағына орналастырғанда меңзер айналдыру таңбасына ауысады.

Сызғышта екі рет шертеміз, математикалық құралдар тақтасы ашылады. «Объектінің көлемін үлкейту» батырмасын шертеміз. Сызғыш ұзарады. «Объектінің көлемін кішірейту» батырмасын шертеміз. Сызғыш қысқарады. Өшіру батырмасын шерткенде сызғыш жоғалады.


3. Сызғыштың көмегімен үшбұрыш салу

Қайтадан сызғышты (см) таңдап аламыз. Құралдар тақтасын жабыңдар.




Сызғышты екі рет шертіп ұзындығын 16 см өзгертеміз. Математикалық құралдар тақтасын жабамыз. Сызғышты флипчарт бетінің төменгі жағына қоямыз. Негізгі құралдар тақтасынан Қаламды таңдаймыз. Меңзерді сызғыштың үстіне келтіреміз, меңзер қарындашқа айналады түзу сызық жүргізуге

болады. 0-ден 16-ға дейін сызық жүргіземіз. Сызғышты сағаттың бағытына қарсы айналдырып 40 градусқа 0-ден 16-ға дейін сызық жүргіземіз. Сызғышты айналдырып үшінші сызықты салыңдар да: А,В және С әріптерімен бұрыштарын белгілейміз.




4. Транспортирді қолдану



Құралдар тақтасынан 180-градустық транспортирді аламыз.

5. Толықтырылған сегмент құру



Транспортирді центрі (0) келтіреміз. Транспортирді екі рет шертіп, математикалық құралдар тақтасын іске қосамыз. Бірнеше рет «Объектінің көлемін кішірейту» батырмасына шертеміз. Енді қаламның көмегімен транспортирдің шетінен сызық жүргіземіз. Жұмысты аяқтағанда сегмент толықтырылады. Транспортирді жылжыта отырып басқа түстермен тағы да екі сегмент жасаймыз. Соңында үш

сегменттен 180° үшбұрыштар шығуы тиіс.

6. Тордың фиксациясын қолдану

Флипчарттың келесі бетіне өтіп, кітапхана ресурсын іске қосамыз. Жалпы суреттер ішінен Торды таңдап, 1×1 торын алып шығамыз. Торда екі рет шертіп бетті редакторлеу құралдар тақтасын іске қосамыз. «Объектінің көлемін ұлғайту» батырмасын шертіп, көлемін шамамен 12×9 квадратына жеткіземіз.



7. Координат құру



Қалам құралында екі рет шертіп, Қаламның Модификаторын іске қосамыз. Түзу вертикальды және горизонтальды сызықтарды қолдана отырып (көлемі -4, түсі – қызыл) беттің ортасында қиылысатын вертикальды және горизонтальды осьтер сызамыз.



8. Үшбұрыш салу




Қаламның Модификаторын қолдана отырып үшінші сызықты сызып, жасыл түспен үшбұрышты бояймыз..

Үшбұрышта екі рет шертіп объектіні редакторлеу тақтасын іске қосамыз.

«Қасиет және іс-әрекет» белгісін шертеміз. «Топтау» жолын таңдап шертіп, терезені жабамыз.




9. Торды жасыру

Беттің бос аймағында екі рет шертіп, объектіні редакторлеу құралын іске қосамыз.  «Торды жасыру» батырмасын таңдағанда, торды жасырады, бірақ та ол өшірілмейді.

10. Сандардың басқа құрылғылары


Құралдар тақтасында тағы да арнайы жасалған үш құралдар бар: **бөлшек**, **экран пернетақтасы** және **циркуль**


Бөлшек құру -  батырмасын шерткенде «Фрагмент құру» жаңа терезе ашылады.



Ескерту: бөлшек тақта немесе планшет компьютерге қосылғанда ғана жұмыс жасайды. Төменгі жоғарғы бөліміне 1 және төменгі бөліміне 2 санын



жазамыз да,  «Флипчарт бетіне қосу» батырмасын шертеміз. Бөлшекті экранға шығарғанда Мәтін қолданылады.



Экран пернетақтасы батырмасын басып іске қосамыз. Экран



пернетақтасының қызметін атқарады.



Егер де тышқанның оң жақ батырмасын шертсек, сыртқы түрі ауысады және кез келген символдарды экранға енгізе аламыз.



Циркуль – кез келген түсте, сызықтың көлемінде доға, шеңбер сызу үшін қолданылады. Циркуль батырмасын іске қосамыз. Циркульдің әр түрлі секциялары бар.



Қаламда меңзерді қойып доға саламыз. Біраз циркульмен көреміз. Циркульде екі рет шерткенде математикалық



және шеңбер жұмыс жасап

құралдар тақтасы іске қосылады.



№8 Зертханалық жұмыс



Жұмыс тақырыбы: Сілтемелер

Жұмыс мақсаты мен мазұны: Сілтеме нысанын анықтау үшін веб-броузерді қолдану және броузерден флипчартқа орналастыру. Флипчарт бетінде веб-сайт кескіндерін қолдану. Фотоаппарат құралын қолдануды үйрену.

1. Жұмыстың басталуы

ACTIVstudio-ны іске қосыңдар және Менің флипчартымнан «Инф3» ашыңдар. Бетті таңдап 9 бет құрамыз. Қайталап сақтаймыз. «Инф4» атымен сақтаймыз.

2. Сілтеме нысанын анықтау үшін веб-броузерді қолдану


Негізгі құралдар тақтасынан  «Арнайы құралдар» батырмасын шертеміз. Арнайы құралдар тақтасынан  Веб-броузер батырмасын шертеміз. ACTIVstudio-ның Веб-браузері іске қосылады. Адрес жолында www.nasa.gov/home теріп, пернетақтадан ENTER батырмасын шертіндеңдер. NASA веб-сайты іске қосылуы керек.

«Сілтеме» батырмасын шертіндеңдер және «Мәтін объектісін URL ретінде қосу» таңдаймыз. Флипчарт бетіне сілтеме мекен жайы қосылады.


3. Іс-әрекеттерді іске қосу.

Флипчарт бетінде батырманың оң жақ батырмасын шертеміз. Егер де тақтада жұмыс жасайтын болсақ, оң жақ батырманы басу үшін, алдымен ACTIVpen-ді қажетті жерге апарып, қаламның батырмасын шертеміз. Оң жақ батырманы шерткенде флипчарт бетінен:

Тез таңдау құралының тақтасын немесе жанама мәзірді көре аламыз.




Бұл оқыту бағдарламасында Тез таңдау құралының тақтасын өшіріп қойған дұрыс.



Басты менюден – Студияны баптау – Құралдар тақтасы және «Тез таңдау құралының тақтасын» таңдау командасын орындаңдар. Бетте оң жақ батырманы шертіп, контексті менюден **«Іс-әрекеттерді активтендіру»** командасын белгілейміз. Сілтемелер

жұмыс жасау үшін **«Іс-әрекеттерді активтендіру»** командасын іске қосу керек. Меңзерді адрес жолына орналастырсақ, таңбаның өзгергенін байқауға болады. Бұл сілтеменің активті екенін білдіреді. Ол жерде шертсеңдер веб-бет броузері ашылады. Броузердің оң жақ шеттегі + таңбасын шертсең, қайтадан ол жерден шығамыз.




4. Іс-әрекеттерді істен шығару.

Сілтемелер бетке қойылғанда сенің қалаған жерінде орналаспауы мүмкін. Ал осы мезетте сілтемелерді қою өте қиын, себебі NASA сайты сілтемеге басқан сайын қосыла береді..

Флипчарт бетінде қаламның оң жақ батырмасын шерт, жанама мәзірден «**Іс-әрекеттерді активтендіру**» командасын таңдаймыз. Енді сілтемені беттің кез келген жеріне қоюға болады.

5. Сілтеме объектілерінің стилін өзгерту



Іс - әрекеттер активтендірілмеген жағдайда, мәтін түсін және көлемін өзгертуге болады.



Кез келген мәтінде алып онда екі рет шертеміз.

Мәтінді түзету құралын таңдап аламыз.



Мәтінді түзету құралы тақтасынан «Барлығы» батырмасын басып, *веб-сайт NASA* сөзін ашық жасыл түспен және 48 көлеммен редакторлейміз.. Флипчарт бетінде батырманың оң жақ батырмасын шертіп жанама мәзірді



ашып «**Іс-әрекеттерді активтендіру**» жолын



таңдаймыз. Енді меңзерді мәтінге қойып, сілтеменің жұмысын тексерейік.

6. Флипчарт бетінде веб-сайт кескіндерін қолдану

Веб-сайт NASA кескінін табу үшін, өздерің жасаған, NASA сілтемесін шертіп, вебсайтты ашамыз. Жердің кескінін табу үшін, келесі адрестен іздейміз: <http://grin.hq.nasa.gov/IMAGES/SMALL/GPN-2000-001138.jpg>

Бұл суретті сақтаудың әдістері:

- Компьютерде сақтаймыз
- Флипчарт бетінде орналастырамыз
- Камера құралын қолданамыз.




Біз әрбір әрекетті жеке қарастырамыз.



7. Суретті флипчартта қолдану үшін сақтау

Суретті браузерден компьютерде сақтауға болады.

Батырманың оң жақ батырмасын шертіп «Суретті қалай сақтау» командасын таңдаймыз. Суретті ACTIVstudio бумасына сурет ретінде сақтаймыз. Кітапхана Ресурсын ашамыз. «Басқа бумадан іздеу»




батырмасына басамыз. «Бумадан іздеу» терезесінде суретті орналастыратын орын қарастырамыз. ОК батырмасын шерткенде сурет кітапхана ресурсына орналастырылады. Бұл мезетте сурет флипчарт бетіне орналастырылады. Ал біз суретті алудың басқа жолдарын қарастырамыз.


8. Броузерден бетке орналастыру

Қайтадан веб-броузерді іске қосамыз. Фотография веб-броузерде болуы керек. Басқа жағдайда адресін көрсетеміз. Орналастырып болғаннан кейін мәзір пайда болады. «Объектіні қосу» жолын таңдаңдар, сурет бетте пайда болуы керек. Беттегі суретті өшіреміз.


9. Фотоаппарат құралын пайдалану

Интернет-браузерді ашып, толық суреттің көрінетіне көз жеткіземіз. Негізгі



құралдар тақтасынан  **Фотоаппарат** құралына басамыз.

Пайда болған менюден «Аймақ» жолын таңдап аламыз. Браузер




терезесінде көптеген төртбұрыштар және




Фотография құралдар тақтасы пайда болады. Бөлінетін аумақты суреттің қажетті аймағын белгілеп аламыз. Фотография құралдар тақтасында оң жақ батырманы басамыз. Бұл суретті флипчарт бетіне көшіріп алады. Суреттерді жылжытып орналастырамыз.


10. Суреттерге сілтемелер қосу

Суретте екі рет шертіп «Қасиет және Іс-әрекет»

терезесін ашу үшін  «Қасиет» белгісінде шертеміз Сол жақтағы тақтадан «Іс-әрекет» жолын таңдаймыз.



Сұқбат менюінен «Құжат немесе файл» жолын таңдаймыз. Терезеде www.nasa.gov/home адресін жазып, ОК батырмасын шертіп «Қасиет және Іс-әрекет» терезесін жабамыз. Енді суретке басқанда веб-сайт НАСА іске қосылады.




11. Мәтінді сайттан флипчарт бетіне көшіру Мәтінді сайттан флипчарт бетіне жиі көшіріп алуға болады. Ал қазіргі жағдайда <http://www.nasa.gov/facts> сайтына кіреміз. Флипчарттағы ACTIVstudio веб-броузері қосылып тұрғанын анықтап алыңдар. Мәтінді таңдап алыңдар. Біз келесі мәтінді таңдап алдық: «Акроним НАСА толықтырылып оқылғанда Ұлттық Аэронавтика және Космос Әкімшілігі».

Флипчартқа мәтінді көшіру екі әрекетпен орындалады:

1. Веб-сайттан флипчартқа мәтінді көшіру
2. Тышқанның оң жақ батырмасын шертіп «Көшіру» командасын орындау.

12. Аудио-файлға сілтемелер



Кітапхана Ресурсын ашыңдар. Жалпы кескіндер таңбасына белгілеп, Жердің суретін тауып, флипчарт бетіне орналастырыңдар. Жердің суретінде екі рет шертіп, «Қасиет» терезесінен «Қасиет және Іс-әрекет» терезесінен «Іс-әрекет» панелін таңдаңдар. Пайда болған менюден «Дауыс қосу» жолын таңдап, «Баптау» командасын орындаймыз. Барлығын аяқтағаннан кейін сілтемені тексереміз.

ТАПСЫРМАЛАР.

1. ACTIVstudio бағдарламасында 7-сынып «Информатика» пәнінен флипчарттар құрыңыз;
2. Маркер, актив қалам, түс политрасы бұйрықтарымен төмендегі флипчарт бетін дайындаңыз:




3. «Ақпаратты беру тәсілдері» тақырыбына флипчарт құрыңыз;
4. Беретін пәніңіз бойынша өз кітапхана ресурсын жасақтаңыз;
5. Арнайы құралдарды қолданып флипчарт дайындаңыз;

6. Кітапхана ресурсына флипчарт дайындаңыз;
7. Жаңа тақырыпқа «Сағат» және «Жүгіртпе жол», «Ескертпе» құралдарын пайдаланып флипчарттар дайындаңыз(Тақырып 8-сыныптан өз таңдауыңыз бойынша);
8. Жаңа тақырыпқа «Веб-броузер» және «Фотоаппарат», «Кітапхана» құралдарын пайдаланып флипчарт дайындаңыз (Тақырып 10-сыныптан өз таңдауыңыз бойынша);
9. Жаңа тақырыпқа «Қалам» және «Маркер», «Қалқымалы пернетақта» құралдарын пайдаланып флипчарттар дайындаңыз(Тақырып 9-сыныптан өз таңдауыңыз бойынша);
10. Жаңа тақырыпқа «Перде» және «Маркер», «Прожектор» құралдарын пайдаланып флипчарттар дайындаңыз (Тақырып 11-сыныптан өз таңдауыңыз бойынша);
11. «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
12. «Қазақтың ою-өрнектері» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 13.«Қазақтың мәдениеті» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 14.«Қазақтың тарихы» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 15.«Қазақстан Республикасының табиғаты» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
16. «Отанымның жер асты байлықтары» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 17.«Отанымның этно-мәдениеті» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
18. «Отанымның географиялық орны мен халқы» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 19.«Қыз өссе – елдің көркі, ...» тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;
- 20.«Қазақстандағы телекоммуникацияның дамуы » тақырыбында өткізілетін тәрбие сағатына флипчарт дайындау;

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Жайтапова А.Ә., Мұхамбетжанова С.Т. «Басқаруда ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдану». , Дәрістер жинағы, Алматы қаласы-2009;
2. Бидайбеков Е.Ы., Исабаева Д.Н., Ошанова Н.Т., Intel  «Болашақ үшін оқыту». ХХІ ғасырдың ақпараттық және білім технологияларына кіріспе. Оқу құралы- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2010 ж. – 163 б.
3. Нурғалиева Г.К. «Цифровые интерактивные мультимедийные образовательные ресурсы»- Алматы, 2007 ж.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық -білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі.-Алматы, 2008 ж.-328 б.
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі»- оқу құралы, ББЖКБАРИ, Алматы, «Дарын» баспасы, 2010 ж.;
6. Бөрібаев Б., Балапанов Е., және т.б. Жаңа ақпараттық технологиялар. «Ғылым» баспасы, Алматы, 2001 ж.,141 б.
7. Баймолдаев Т.М. и др., Методическое руководство по формированию компетентности педагогов Казахстана в использовании ИКТ-Алматы, 2008 г.-54 стр.;
8. Баймолдаев Т.М. и др., Адаптированный стандарт компетентности педагогов Казахстана в использовании ИКТ-Алматы, 2008 г.-30 стр.;
9. Баймолдаев Т.М. и др., Модульные учебные программы по формированию компетентности педагогов Казахстана в использовании ИКТ-Алматы, 2008 г.-20 стр.;
10. [Формирование методической папки \(портфолио\) учителя информатики](#)
11. <http://www.comrobuch.kz/> ;
12. <http://www.nci.kz/> ;
13. <http://e-kogam.kz/> ;
14. Сүлейменова Б.Б., Кульчинова А.С., Көрпелиева А.М. Интерактивті оқытудың әдістемелік жүйесі.- Ақтау, 2007 ж.,- 33 бет.
15. Сүлейменова Б.Б., Оқу-тәрбие жұмысына портфолионы пайдалану-әдістемелік құралы. Ақтау, 2010ж.-49бет

16. Сүлейменова Б.Б., Стандартты бағдарламаларды оқытудың интерактивтік әдісі- оқу құралы, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ оқу-әдістемелік баспасы, Ақтау, 2009 ж.,- 107б.

Қосымша әдебиеттер:

17. Исаев С.Ә. Компьютерлік технология негіздері қурысына арналған практикум.: Әдістемелік оқу құралы. – Алматы. 2000ж.;
- 18.Берібаев Б. т. б. Информатика терминдерінің түсіндірме сөздігі.- Алматы, РИК.- 2000;
- 19.Сүлейменова Б.Б., Электронды оқулықты орта мектептің оқу үрдісінде қолдану- оқу құралы, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ оқу-әдістемелік баспасы, Ақтау, 2010 ж.,- 80б.
- 20.Информатика оқыту әдістемесі. Алматы -2003
21. “Информатика негіздері” журналы №3, 2005 ж.
22. “Информатика негіздері” журналы №4, 2006 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-бөлім Интерактивті тақтаның түрлері және қолдану ерекшеліктері	
1.1 Интерактивті тақта жайында және түрлері.....	4
1.2 Интерактивті тақтаны қолдануда техника қауіпсіздігінің ережелері.....	12
2-бөлім ActivStudio – бағдарламасы	
2.1 ActivStudio бағдарламасына кіріспе.....	13
2.2 ActivStudio бағдарламасын ашу жолдары және интерфейсі.....	13
2.3 Интерактивті құралдар.....	14
2.3.1 Флипчпрт.....	14
2.3.2 Бетті түзету құралдары.....	20
2.4 ActivStudio бағдарламасының құрылымы.....	22
2.4.1 Негізгі құралдар тақтасы.....	23
2.4.2 Арнайы құралдар тақтасы.....	26
2.4.3 Тез таңдау құралдар тақтасы.....	37
2.4.4 Нысанды түзету құралдар тақтасы.....	38
2.5 Кітапхана ресурсы	40
3-бөлім Зертханалық жұмыстар	
№1 зертханалық жұмыс.....	44
№2 зертханалық жұмыс.....	49
№3 зертханалық жұмыс.....	53
№4 зертханалық жұмыс.....	58
№5 зертханалық жұмыс.....	59
№6 зертханалық жұмыс.....	62
№7 зертханалық жұмыс.....	65
№8 зертханалық жұмыс.....	68
Тапсырмалар.....	73
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	75
Мазмұны.....	77